

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН
БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН (ӨЛШЕМШАРТТАРЫН) ҚОЛДАНУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

**МЕТОДИЧЕСКОЕ РУКОВОДСТВО ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ
ИНСТРУМЕНТАРИЕВ (КРИТЕРИЙ) ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА
ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ**

Астана қаласы, 2022

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы №11 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемшарттарын) қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық, – Астана, 2022 - 39 бет.

Пікір жазғандар:

С. Н. Жиенбаева п.ғ.д., профессор

Г. К. Ибрагимова, Ph

Г. О. Мукушева, сертификатталған сарапшы (ECERS-3)

2021 жылы басталған зерттеу аясында ECERS-3 шкаласын қолдану арқылы сертификатталған сарапшылардың жүргізген бақылауларының нәтижесінде ағымдағы жағдайға шолу жасалған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес және қолжетімді болуын, педагог пен баланың қарым-қатынасы сапалы болуын қамтамасыз ету үшін қажетті ұсыныстар дайындалған болатын. Осылардың негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалаудың өлшемшарттары әзірленді.

Бұл әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілеріне, әдіскерлеріне, педагогтеріне, басқа да мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын бағалау құралдарын қолданатын сала мамандарына нұсқаулық ретінде ұсынылады.

«Балаларды ерте дамыту институты», 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру сапасын өлшеу критерийлеріне түсініктеме	5
2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемшарттарын) қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық.....	8
3 Қорытынды.....	12
Қосымшалар.....	13

КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі Республиканың мемлекеттік саясаты мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім алу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған [1]. ЭЫДҰ сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Ерте жастағы балаларға ерекше назар аударуы және 3 жасқа дейінгі балаларға мектепке дейінгі білім беруді белсенді түрде ілгерілетуі қажет. Бұл тенденцияны TIMSS және PIRLS сияқты басқа халықаралық зерттеулер де қолдайды [2].

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру балаларға аса бай заттық-кеңістіктік дамыту ортасын ұйымдастыру, балаларды оқыту үшін мақсатты ойынды пайдалану, балалармен қарым-қатынаста жұмыс істеу және олар үшін оларға үлгі-өнеге көрсету арқылы дамытуға жағдай жасаумен байланысты қалыптастырылуда. Балаларға арналған дамытушы бағдарлама баланың жас ерекшелігіне сәйкес болуы тиіс және академиялық бағытта болмауы керек [3].

Осы бағытта, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірге жүргізіліп жатқан нысаналы бағдарламалық қаржыландыру шеңберіндегі «2021-2023 жылдары білім беру және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» ғылыми жобасы еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын зерттеп, оның өлшемшарттарын әзірлеуді қарастырады.

Зерттеу нәтижелерінің аралық қорытындысымен Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың келесі басымдықтары анықталған:

- мазмұнды сапалы трансформациялау, ол үшін мақсаты мен міндеттерін ХББСК-2011 (МСКО) сәйкестендіру;
- педагог мамандардың сапалық деңгейін көтеру, техникалық және кәсіптік білім беру мен жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын жаңғырту;
- инфрақұрылымды дамыту, балабақшаларды көбейту, дамытушы заттық-кеңістіктік орта құруға жағдай жасау;
- қаржыландыру жүйесін жетілдіру және басқару.

2017 жылы мектепке дейінгі білім беру сапасын анықтау үшін Қазақстанда алғаш рет мектеп жасына дейінгі балалардың дағдылары мен дағдыларын дамыту индикаторларының жүйесі енгізілген болатын. Мониторинг нәтижелері бойынша 5-6 жастағы балалардың дағдыларының қалыптасу үлесінің динамикасы анықталады (2020 жылы 82% және 2017 жылы 62,5%). Алайда, бұл жүйе халықаралық және отандық тәжірибені ескере отырып, қосымша пысықтауды талап ететіні байқалады. Себебі, көрсеткіштер баланың ілгерілеуін бақылайтын педагогтың жұмыс құралынан рейтингтік сапа индикаторына айналып кеткен. Мектепке дейінгі ұйымдардың өзін-өзі бағалау құралдары педагогикалық процестің сапасын бағалау өлшемшарттарын қамтымайды. Сол себепті, зерттеу барысында Қазақстандағы балабақшалардың жай-күйін бақылау үшін ECERS-3 сапаны бағалаудың халықаралық шкаласы пайдаланылған болатын. Рандомды таңдау әдісімен жүргізілген бақылау баланың қоршаған ортасы мен оның ұйымдастырылуына қатысты қажетті

ақпаратты алуға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтерді талдау нәтижесі жаңадан әзірленіп отырған МДТО сапасын бағалау өлшемшарттарының құрамы мен параметрлерін анықтауға негіз болды.

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру сапасын өлшеу критерийлеріне түсініктеме

Алғашқы рет мектепке дейінгі білім беру саласын жаңғырту және педагогикалық тәсілдерді түбегейлі өзгерту туралы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде (бұдан әрі - модель) атап көрсетілген [4]. Модельдің 38-тармағында білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру, мектепке дейінгі сапалы білімге барлық балалардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі проблемаларды анықтау үшін кешенді зерттеулер жүргізілетіні, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалау жүйесі енгізілетіні қажетті өзгерістердің басым бағыты ретінде анықталған.

Ұлыбритания мен АҚШ ғалымдары әзірлеген бақылау құралдарына сәйкес (Quality of Learning, Ages and Stages, Strengths and Difficulties Questionnaire, Scales Packet, Mind Tools), балалардың қалай үйреніп, дамып жатқаны туралы ең жақсы тәжірибе болжамдарға емес, нақты білімге негізделген. Зерттеу базасы баланың дамуы мен оның дағдыларды үйренуінің негізгі принциптерін береді. Бұл принциптер оқу жоспары мен оқытудың тиімділігі туралы деректермен бірге ерте дамыту мен білім беру шешімдерінің берік негізін құрайды [5].

Сапаны бағалауға қажетті компоненттерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстарының барысында 2022 жылдың сәуір- айынан бастап елімізде «күзирет орталықтары» және «күні бойы мектепке дейінгі ұйым тобындағы екі педагог» пилоттық жобалары іске қосылды. Мәселен, «күні бойы мектепке дейінгі ұйым тобындағы екі педагог» пилоттық жобасында мынадай міндеттерді орындауға бағдарлану ұсынылды: балалармен сенімді қауіпсіз қарым-қатынас орнату; балалардың емін-еркін ойнауы үшін жағдай жасау; дамытушы орта құру; дамытушы ортаның мүмкіндіктерін мақсатты ойындар арқылы тиімді пайдалану; баланы басты орынға қоя білу; баланың іс-әрекетін ұйымдастыру, басқару, ілгерілеуін қолдау. Зерттеу барысында 2 тәрбиешінің жұмысы арқылы жүктемені азайту топтағы мектепке дейінгі білім беру сапасына, баланың әл-ауқаты мен көңіл-күйіне, оның дағдыларын дамытуға қаншалықты әсер ететінін анықтау жүргізілді. Жиналған деректер (сауалнама, сарапшылардың бақылаулары, тәрбиешілердің өз жұмысы туралы рефлексиясы) елдегі мектепке дейінгі білім берудің барлық саласында одан әрі қажетті өзгерістерді жасау үшін негіз болды. Атап айтсақ, 2022 жылы 7 НҚА өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның ішінде ең маңыздысы, мазмұнды сапалы трансформациялауға негіз болған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты, үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламасы. Бағдарламаның мазмұнындағы білім салалары қолданыстағы бағдарламада сол салалар қамтыған дағдыларға бейімделді және балалардың

жасына сәйкес күтілетін нәтижелерді болжайды. Педагог Стандарттан «кімді тәрбиелеп шығарамын?» деген сұрақтың жауабын (баланың бойында қалыптасуы тиіс 9 қасиет), бағдарламадан «ол үшін не үйретемін?» деген сұрақтың жауабын (педагог үшін 11 қағида), оқу жоспарынан «оны қалай іске асырамын?» деген ең маңызды 3 сұрақтың жауабын алады (күнделікті, бала б/б келгеннен кеткенше). Педагог балаға:

- 1) ненің дұрыс және ненің бұрыс екенін түсінуді;
- 2) сыпайы және мейірімді болуды;
- 3) дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;
- 4) қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;
- 5) тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;
- 6) қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;
- 7) физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;
- 8) өзі ойнауды;
- 9) ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;
- 10) ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;
- 11) өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

«Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл жұмысыңыздың мазмұны», - деген түйінді сөзді шығыс ғұламасы Жүсіп Баласағұн XI ғасырда айтып кеткен екен. Олай болса, мазмұнды сапалық тұрғыдан жаңғырту бағытында өз құндылықтарымыздың идеясына оралудамыз және бұл тәрбиенің тұғырын тек нығайта түсуі тиіс.

Финляндия, Оңтүстік Корея, Эстония, Гонконг мемлекеттерінің тәжірибесін зерделеу жұмыстары жалпы осы қарастырылған мемлекеттердің бәрінде баланы ерте дамыту бағдарламалары алғашқы кезекте, қарапайым адамгершілік құндылықтар мен өмірлік дағдылардың қалыптастырудан басталатынын көсетеді.

Қазіргі кезде Мақсатты бағдарламалық қаржыландыру аясында жүріп жатқан зерттеу жұмыстарының барысында дайындалған сапа өлшемшарттарының жобасы 2022 жылдың қазан-желтоқсан айларында пилоттық мектепке дейінгі ұйымдарда сынақтан өткізілуде. Осы мақсатта сәуір айында басталған пилоттық жұмыстардың ауқымы кеңейтіліп, еліміздің барлық 20 өңірінен келісім берген 39 балабақша тартылды. Пилоттық жоба ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №408 бұйрығымен қазан мен желтоқсан айларының аралығына дейін ұзартылды [6].

Әзірленген сапаны бағалау құралының құрамы құрылымдық сапа, педагогикалық үдеріс, күтілетін нәтиже сапасын бағалайтын компоненттерді қамтиды. Қазіргі таңда пилоттық жоба аясында балабақшаларда сапа өлшемшарттарымен танысып, алғашында «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметінің сапасын бағалау ұсынылған. Ол үшін 1-ші компоненттегі 4 параметрге 54 критерий, 2-ші компоненттегі 5 параметрге 40 критерий, 3-ші компоненттің 6 параметріне 33

критерий анықталған. Алғашқы қолданыстан кейінгі ұсыныстардың негізінде критерийлерді баллдық жүйемен бағалау қарастырылды.

Әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттары барынша сапаның барлық компоненттерін және мыналарды қамтиды:

1) *келесі өлшемшарттарымен құрылымдық сапа*

- мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылуы және дизайны
- ішкі кеңістіктің ұйымдастырылуы, қол жетімділігі және қауіпсіздігі
- педагогтердің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігі
- дамытушы бағдарламалардың мазмұны мен сапасы.

2) *келесі өлшемшарттарымен процестің сапасы*

– педагогтің күнделікті тәжірибесі
– педагогтің балалармен, балалардың бір-бірімен тиімді бірге әрекет ету уақыты

– күтім жасау мен дамытуды кіріктіру, режимдік сәттердің мүмкіндіктерін пайдалану

– педагогтің нәтижелі тәжірибесі
– отбасын тәрбиелеу-білім беру процесіне қатыстыру, отбасымен өзара ынтымақтастықта тиімді тәжірибені қолдануы.

3) *келесі өлшемшарттарымен нәтиженің сапасы*

- балалардың аман-саулығы, олардың құқықтарын қорғау
- эмоционалдық, моральдық, психологиялық жайлылықты өлшеу
- менталды дамыту
- балалардың денсаулығы
- мектепте оқуға дайындығы
- ата-ананың қанағаттануы.

Өлшемшарттарды әзірлеу барысында тәрбиешінің кәсіби дайындығын анықтайтын қасиеттерінің жиынтығы да ескерілді. Олар мектепке дейінгі білім беру жүйесінде жұмыс істейтін педагог профессиограммаларының модельдерін қарастыра отырып, олардың келесі дағдылары мен кәсіби маңызды жеке қасиеттерін ажырату арқылы алынды:

- мейірімділік;
- коммуникативтілік;
- эмпатия;
- байсалдылық;
- парасаттылық;
- белсенділік;
- жауапкершілік;
- табандылық;
- нақтылық;
- біліктілік;
- икемділік;

идеяшылдық.

Пилоттық қорытындысымен алдағы уақытта әрбір өлшемшарттың индикаторлары нақтыланатын болады.

Сапаны бағалаудың бірыңғай өлшемшарттарын енгізу Мектепке дейінгі ұйымдардағы мониторинг және сертификаттау құралдарын жетілдіруге көмектеседі. Әзірленіп жатқан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын мектепке дейінгі ұйымдарға өзін өзі бағалау құралы ретінде ұсыну көзделген. Бұл, бір жағынан, әзірленген сапаны бағалау құралының балабақшалардың көрсеткіштерін салыстыру, өлшеу, рейтингін шығару құралына айналып кетпеуінің алдын алу үшін тәуекелді тұстарды ескеруді болжайды.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемшарттарын) қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық

1. Өлшемшарттарды өзін өзі бағалау құралы ретінде қолдану бақылау арқылы арқылы жүргізіледі және әр көрсеткішке баға беріледі.

2. Балалардың көбі қатысып отыратын белсенді кезеңді бақылау арқылы қажетті ақпараттарды толығырақ жинақтауға болады. Бұл ретте ойын уақытын толық бақылау ұсынылады. Себебі, не болатынын бақылап, балалардың бәрі тәжірибе алатын-алмайтынын қадағалау маңызды. Сол арқылы өлшемшарт көрсеткіштеріне шынайы балл қоя аламыз.

3. Өлшемшарттармен бағалау кезінде педагогтермен немесе қызметкерлермен жүргізілген сұхбат, пікірлер балл қоюға әсер етпеуі тиіс, себебі бақылау деректеріне сүйену ұсынылады.

4. Көрсеткіштерге балл қоярдан бұрын мұқият бақылау ұсынылады. Ол үшін үздіксіз бақылау немесе күн тәртібіне сәйкес әртүрлі уақыттағы қысқа бақылаулардың нәтижесін алуға болады. Одан бөлек, бақылау кезінде байқап үлгермейтін көрсеткіштер бойынша да қосымша уақыт бөлу керек.

5. Педагогикалық процесс бойынша бақылау деректерінде Стандартта көрсетілген кіріктіріліп өткізілетін ұйымдастырылған әрекет түрлерінің қамтылуы мен сапасына мән берілуі қажет.

6. Тиісті көрсеткіштерге балл қоярдан бұрын, тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасының іске асырылуы бойынша алған ақпаратыңыздың толықтығына көз жеткізіңіз. Ол үшін Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес педагогтің күн сайын уақыт бөлетін әрекет түрлерін бақылауды ұмытпаңыз.

7. Балалар пайдаланатын арнайы материалдар әкелінді ме немесе топта болды ма, сонымен бірге олар қанша уақыт балалардың пайдалануы үшін қолжетімді болғаны маңызды. Жалпы балаларға арналған ойыншықтар мен құралдардың үнемі қолжетімді болғаны есепке алынады. Егер педагог оларды белгілі бір мақсатты ойынды ұйымдастыру кезінде пайдаланған болса, ойын аяқталғанша балаларға қолжетімді болуы керек.

8. Қимылды ойындар мен балалардың белсенділігіне бөлінген уақыт күніне 1-1,5 сағаттан кем болмауы керек.

9. Балалардың режимдік сәттер мен бір әрекет түрінен екіншісіне ауысуы арасындағы күту уақытының ұзақтығы жалпы күн бойындағысын қосып есептегенде 10 минуттан аспағаны жақсы көрсеткіш болып саналады.

10. Өлшемшарттарды қолдану үшін бақылау жүргізу мектепке дейінгі ұйымның, педагогтың жұмысына, балалардың іс-әрекетіне кедергі келтірмеуі тиіс. Бөгет жасауға болмайды, қажетті ақпарат алуға ыңғайлы сәт келгенше күту қажет. Ашық сөреде көрініп тұрған материалдарды тек өзгелерге бөгет болмасаңыз ғана жақындап көруге болады.

11. Гигиена мен қауіпсіздік көрсеткішін есептегенде мемлекет деңгейінде бекітілген стандарттар мен Үлгілік қағидалардың талаптарын балл қойғанда ескеру қажет.

12. Тамақтану/жеңіл тамақтану кезінде берілетін тағамдардың қоректік құрамы бекітілген нормаларға сәйкес болады. Бақылау кезінде балаларды тамақтандыру кезінде сақталуы тиіс талаптардың орындалуына назар аударылады. Балалар кезекшілік атқарып, көмектесулері мүмкін.

13. Бағалау қорытындысын кіші көрсеткіштер бойынша да, жалпы барлық бағалау параметрлері бойынша да орташа баллды есептеу арқылы шығаруға болады.

14. Көрсеткіштердің әрқайсына 10 балл қойылады. Орташа бағаны шығару үшін әр көрсеткішке қойылған бағалардың қосындысын бағаланған көрсеткіштер санына бөлу керек. Жалпы орташа баға дегеніміз – өлшемшарттағы көрсеткіштердің бәріне қойылған балдардың қосындысын бағаланған көрсеткіштер санына бөлгенде шығатын баға.

15. Жеткілікті ең төменгі деңгей 5 балл, жақсы сапа көрсеткіші 7 балл, толық сәйкестік 10 балл болып есептеледі.

Өлшемшарт көрсеткіштеріндегі негізгі терминдердің түсіндірмесі

Қолжетімді – балалар сол материалды, жабдықты, жиһазды ала алады, пайдалана алады деген сөз. Материалдардың балаларға қолжетімді болуына кедергі болмауға тиіс. Кедергі физикалық болуы мүмкін, мысалы, жиһаз бөлмеде бөгет болып тұрғандықтан, материалды ала алмауы, ал материал контейнерде тұрса, қақпағы оңай ашылмауы мүмкін. Материалдардың балаларға қолжетімді болуына педагог/қызметкерлердің қадағалауы да кедергі болуы мүмкін, мысалы, балаларға «жабық» деуі, сөредегі кей нәрсені алма деп үйретуі, балаларды топқа бөліп, өзі таңдаған нәрсені алуына, еркін жүріп-тұруына бөгет болуы мүмкін. Материалдар қолжетімді болатын уақыт деп балалардың бәріне қолжетімді және оған кедергі жоқ кез, мысалы, өзге балалар сол материалдарды пайдаланып жатқан кезде тамақ ішіп отыруға не топтық серуенде жүруге мәжбүр болмайтын кез айтылады.

Материал қолжетімді деп санау үшін сол уақыт ішінде әр балаға қолжетімді болуы міндет емес, бірақ оны алғысы келген кез келген бала емін-еркін пайдалана алуы керек. Мысалы, белгілі бір жерде немесе белгілі бір уақытта қайсыбір балалардың ғана қолында болуы мүмкін. Материал балаларға қолжетімді деп санау үшін ол материал кіші (3-ке толмаған) балалардың өзіне

көрініп тұруға тиіс. Ал материал жабық жерде тұрса, үлкенірек балаларға (4-5 жастағылар) қолжетімді деп, тек оны емін-еркін ала алса саналады.

Қызығушылық - балалар педагогтың ұйымдастырған жұмысына, ойынға немесе ортаға, ойыншыққа т.б. қызыққанын және әуестенгенін білдіреді. Мұны жай ғана жақсы мінез-құлықтан ажырата білу керек. Балалар емін-еркін отыра алады, педагог/қызметкердің бетіне жасқанбай қарай алады, бірақ ойынға немесе басқа әрекет түріне аса қызыға қоймауы ықтимал. Балалардың қызығуы жылдам жоғалуы мүмкін (мысалы, аяқкиімімен, қасындағы баламен ойнап кетуі мүмкін), содан соң қайта қызығушылық танытуы мүмкін, бірақ бағалайтын кезде оған көп мән беруге болмайды. Бағалаған кезде баланың қызықпауына педагог/қызметкердің жағымсыз көзқарасы әсер еткен-етпегенін барынша ескеру керек.

Қол гигиенасы. Баланың қолы кір екені көрініп тұрса, оны алдымен жуып алу керек, әсіресе қатты кір болса, 10–20 секунд ұзағырақ сабындау керек. Бактерияға қарсы сабынды қолдануға болмайды. Сурет салуға арналған кейбір сенсорлық материалдарды пайдаланатын балалар ойын алдында да, ойнап болған соң да қолын жууға не нұсқаулыққа сәйкес санитайзермен тазалауға тиіс. Микроб құрғақ материалға қарағанда ылғал материалдан көбірек тарайды. Мысалы, түрлі-түсті қарындашты пайдаланса, қолды тазалау керек болмас еді, ал екі бала бірге ермексизден, құмнан бірдеңе істесе немесе саусағымен сурет салса, қолын жуу керек. Сол сияқты құрғақ құммен ойнар алдында қолды тазалаудың керегі жоқ (бірақ ойнап болған соң тазалау керек), ал суға құм илеп, бірге ойнаса, ойнар алдында да, ойнап болған соң да қолын жуып тазалауы керек. Баланы тамақтанар алдында дастарқанға қолын жуып отыруға үйрету қалыптастырылады.

Жеке үйрету дегеніміз – топтағы балалардың қабілеті, қажеті мен қызығушылықтарына қарай жеке жұмыс жасау; әр балаға жеке көңіл бөліп, оның әр тапсырманы орындай алу немесе тапсырманы түсіне алу қабілетін анықтау; әр баланы мақтап, қолдау; баланың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес стратегияларды қолдану; баланың тапсырманы қалай орындағанын бағалау. Негізі мұның бәрі бейресми жағдайда істеледі және бағыт беріп үйрету стратегиясы көп қолданылмайды. Сондықтан бақылау кезінде педагогтердің/қызметкерлердің балалармен қарым-қатынасындағы елеусіз тұстарды мұқият қадағалау керек. Қай әдісті қолданса да, балалардың бәрі бәрін бір уақытта істеуі керек деп ойлауға болмайтынын түсіну маңызды.

Бақылаушы ересектеу және көбірек үйренген балалардың едәуір күрделі машықтары да ересектер тарапынан қолдау табатынын ескеруге тиіс. Тіпті шағын топтардың өзінде балалардың қабілеті түрлі деңгейде болатынын ескеру керек. Бақылаушы үйрену барысы баланың қабілетіне сай не сай емесін және дұрыс не дұрыс емесін білу үшін әр баланың жетістігін бақылап отыруға тиіс. Тіпті балалардың бәрінен бір нәрсе, айталық, бөлмеге кіргенде өз атын айта алуы күтілетін болса да, ол үйрету әр балаға жеке өткізілетін- өткізілмейтінін

анықтау үшін, әр бала тапсырманы жақсы орындай алатын деңгейді анықтауы керек.

Әдетте балалар қай материалды пайдаланатынын өзі таңдап, өз мүмкіндігіне сай пайдаланатын еркін ойын кезінде, үйрету бағдарламасында жеке үйрету көрсеткіші бар-жоғы көрінеді. Дегенмен жеке үйрету тәрбиеші мен баланың ойын барысындағы өзара қарым-қатынасынан, сондай-ақ балаларға пайдалануды үйрететін материалдардан көрініп тұруы керек. Педагог/қызметкер 4-5 жасар балаға қол моторикасын дамыту үшін материалдар ұсынып, күрделірек тапсырма беріп, ойын барысында математика мен сауат ашуына көбірек назар аударуы мүмкін. Ал одан кішірек балаларға педагог/қызметкермен ойын туралы сөйлескен оңайырақ, сондықтан оларға ойын түріндегі тапсырмалар беруі керек.

Ойын аймағы дегеніміз – балаларға түрлі ойын материалдары қолжетімді аймақ.

«Қызығушылық орталығы» дегеніміз – белгілі бір ойын түрлеріне арналған арнайы белгіленген аймақ. Материалдар типіне қарай бөлініп, балаларға қолжетімді жерге қойылады. Материал пайдалануға қажет жиһазбен қамтамасыз етілуге тиіс. Материалдарды пайдаланып ойнайтын ойындарға белгілі бір орын бөлінеді, балалар саны мен материал саны соған сай болады. Текше құрастыру мен рөлдік ойындар белсенді ойын түрі саналады, сондықтан бұларға арналған қызығу орталығы кітап пайдалану, қол моторикасын дамыту, жаратылыстану сияқты бағдарламаларға арналған аймақтарға қарағанда үлкенірек болуы керек.

«Қызығушылық орталығы» анықтамасының талаптары сақталмаса, онда оны тек ойын аймағы ретінде бағалау керек. «Қызығушылық орталығы» – ойын алаңдарының арнайы, нақты бөлінген түрі. Егер қызығушылық орталығында оған лайық емес бір-екі материал тұрса, оған назар аударыңыз: ол материалдар қызығу орталығының мақсатына кедергі келтірмесе ғана оны есепке алыңыз. Мысалы, оны пайдалануға арнайы бос орын керек немесе қызығушылық орталығындағы тыныштықты бұзатындай болмаса – зияны жоқ.

Педагогтер/қызметкерлер әдетте балалармен тікелей жұмыс істейтін персонал құрамына жатады. Бір топта әдетте бірнеше педагог/қызметкер болатындықтан, бағалау шкаласында педагог/ қызметкер сөзі көпше түрде қолданылады. Әр педагог/қызметкердің іс-әрекеті әртүрлі болғанда, жалпы әр қызметкер балаларға қалай әсер ететініне қарап бағалау керек. Мысалы, бөлмеде педагог/қызметкерлердің бірі әңгімешіл, ал өзгесі сөзге сараң болса, балалардың сөйлесу қажетін педагог/қызметкерлер жалпы қаншалықты өтей алатынына қарай бағаланады.

Кез келген өзара қарым-қатынас түрі мәселесінде «педагог/ қызметкер» әрдайым топ бөлмесіндегі және әрдайым (күн сайын) көп уақытын балалармен бірге өткізетін ересек адам саналады. Олардың қатарына әрдайым топ бөлмесінде болатын еріктілерді де жатқызуға болады. Бұл көрсеткіштің талабы қаншалықты орындалғанын бағалау кезінде топ бөлмесінде аз ғана уақыт

болатын немесе күн сайын бола бермейтін ересек адамдарды қосуға болмайды. Мысалы, медбике, ата-ана немесе мектепке дейінгі ұйым басшысы топ бөлмесіне кірсе және аз уақыт балалармен өзара қарым-қатынас жасаса, бағалау кезінде оны ескермейсіз, тек сол өзара қарым-қатынас балаларға жағымсыз әсер етсе ғана ескеру керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері негізіндегі сапаны бағалау өлшемшарттарын өзін өзі бағалау құралы ретінде енгізу мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ішкі мониторинг жұмыстарын жетілдіруді көздейді. Сол арқылы мектепке дейінгі ұйымдар өздерінің білім беру қызметтерінің сапасын кешенді бағалай алады және қажетті жұмыстарды нақты анықталған бағытта жүргізеді. Сонымен қатар, процесті қадағалап отыруға ықпал етеді және мектепке дейінгі ұйымдардың жауапкершілігін арттырады.

Өлшемшарттардың ішінде баланың қоршаған ортасы мен педагогикалық процестің жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін индикаторлардың болуы тәрбиешілердің баланың қызығушылығын қаншалықты қолдайтынын, оған жеке көңіл бөлуін және үйлесімді дамуына жағдай жасалуын зерделеуге көмектеседі.

Мектепке дейінгі білім сапасына, баланың әл-ауқаты мен көңіл-күйіне, оның дағдыларын дамытуға қаншалықты көңіл бөлінетінін анықтау өте маңызды және қажетті өзгерістерге негіз болатын деректерді жинауға мүмкіндік береді.

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдарға өзін өзі бағалау үшін ұсынылатын өлшемшарт үлгісі

Құрылымдық сапа

№	Сапаның параметрлері	Сапаның өлшемшарттары	Сапаны бағалау <i>(1-10 балл аралығында белгіленеді)</i>
1	Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырылуы және дизайны	Қауіпсіз аула	
		Қолжетімді кіретін және шығатын есіктер	
		Жақсы жарықтандырылуы	
		Ыңғайлы орналасуы	
		Ойынға жеткілікті кеңістіктің болуы	
2	Ішкі кеңістіктің ұйымдастырылуы, қол жетімділігі және қауіпсіздігі	Жиһаздың балалардың жасына сәйкестігі және оның сапасы	
		Ойыншықтар, материалдар, дамытушы ойындар санының жеткілікті болуы және олардың түрлерінің болуы	
		Ойыншықтардың, материалдардың, дамытушы ойындардың балалардың жасына сәйкестігі	
		Қызығушылықтары бойынша кемінде 5-тен кем емес ойын аймақтары	
		Ойын бөлмесінде жұмсақ жиһаздың болуы	
		Кеңістіктің трансформациялануы	
		Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасының қауіпсіздігі, қол жетімділігі және эстетикасы	
3	Педагогтердің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігі	Балаларға мейірімділік пен сүйіспеншілік танытады, қарым-қатынас үшін жайлы жағдайлар жасайды	
		Қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырады және оны тиімді қолданады	
		Балалармен бірге әрекет ету кезінде мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту әдістемесін меңгергені байқалады	
		Өз тәжірибесіне талдау жүргізе отырып, циклограмманы толықтырады	
		Ойында өзінің жасаған бұйымдарын қолданады	
		Тәрбиеленушілердің негізгі әрекетінің түрлерін басқарады	
		Балалардың дамуында жетістіктерге қол жеткізе отырып, тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін табысты шешеді	
		Тиісті жас тобындағы балалардың психологиясын біледі және жайлы жағдайлар жасайды, эмоционалды қолдау көрсетеді	

		Даулы мәселелерді оңтайлы шеше алады	
		Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық даму ерекшеліктерін біледі, балалардың үстел басында дұрыс отыруын, қимылдар жасау кезінде және қимылды ойындар ойнағанда дененің қауіпсіздігін бақылайды	
		Бақылауды үйретеді, зерттеу әрекетін бастайды	
		Топта тазалық пен тәртіп сақтауға баулиды	
		Ересектерге, басқа балаларға көмектесуге үйретеді	
		Мәдени-гигиеналық дағдыларға үйретеді	
		Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді	
		Ата-аналармен ынтымақтастық орнатады	
		Басқа педагогтермен (тәрбиеші, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, дефектолог, психолог, медицина қызметкері) жұп болып жұмыс істей алады:	
		1) тәрбиеші-тәрбиеші	1)
		2) тәрбиеші-дене шынықтыру нұсқаушысы	2)
		3) тәрбиеші- музыка жетекшісі	3)
		4) тәрбиеші-психолог	4)
		5) тәрбиеші-арнайы педагог	5)
		Балаларда зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытады	
		Педагогикалық әдеп нормаларын сақтайды	
		Ата-аналармен жұмыстың тиімді әдістерін көрсетеді	
		Сараланған жұмыс үшін мониторинг нәтижелерін талдайды және жүйелі қолданады	
		Цифрлық ресурстарды пайдаланады	
		Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке бағдарлама әзірлейді	
		Балалардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтайды, бақылайды, оларға мониторинг жүргізу ережелеріне сәйкес (бастапқы, аралық және қорытынды) диагностика жүргізеді	
		Балалармен және олардың ата-аналарымен мейірімді қарым-қатынас орната алады	
		Авторлық дидактикалық материалдарды әзірлейді	
		Өзінің кәсіби қызметін талдайды	
		Өзінің озық тәжірибесін таратады	
		Өз жұмысын жоспарлайды, перспективалық жоспар негізінде циклограмма құрады	
4	Дамытушы бағдарламалардың мазмұны мен сапасы	Ненің дұрыс және дұрыс емес екенін түсінуге үйретеді	
		Әдептілік пен мейірімділік дағдыларына баулиды	
		Дос болуға, құрмет көрсетуге, көмектесуге, бөлісуге үйретеді	

	Қоршаған әлемге қызығушылықты дамытады, бақылауға және зерттеуге үйретеді	
	Тыңдауға, түсінуге және өз ойын түсінікті жеткізуге үйретеді	
	Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және пайдалы әдеттерді сақтауға баулиды	
	Қимылды ойындар арқылы қимыл белсенділігімен айналысуға үйретеді	
	Өз бетінше ойнауға үйретеді	
	Ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа баулиды	
	Ата-аналарына, достарына, туған өлкесіне сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға, отбасын бағалауға үйретеді	
	Өзіне-өзі күтім жасау және бастамашылдық танытуға баулиды	

1. Процестің сапасы

№	Сапаның параметрлері	Сапаның өлшемшарттары	Сапаны бағалау (1-10 балл аралығында белгіленеді)
1	Педагогтің күнделікті тәжірибесі	Балаларға қызығушылықтары бойынша әрекет түрлерін таңдауға мүмкіндік береді	
		Белсенді және баяу ойындарға, оның ішінде ұлттық ойындарға арналған аймақтар жасайды	
		Өз-өзіне қызмет көрсетуге және дербес әрекетке көңіл бөлу (киіну, шешіну, ойыншықтарды жинау және т. б.)	
		Балаларды тыңдайды, олармен диалог жүргізеді, қарым қатынасқа тартады	
		Балаларға өз ойларын еркін айтуға мүмкіндік береді, оларға пайымдау және ойын жеткізу үшін нақты сұрақтар қояды	
		Күні бойы балалардың сөздік қорын байытады	
		Сюжеттік-рөлдік ойындарға уақыт бөледі, балаларға сюжеттік-рөлдік ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік береді	
		Табиғи материалдармен ойындар ұйымдастырады, әртүрлі табиғи материалдардың қасиеттерін бірігіп зерттейді	
		Балаларға кітап оқып береді, бірге ертегілерді тыңдайды, таныс балалар қойылымдарын рөлдерге бөліп ойнатады	
		Командада жұмыс істеуге үйретеді	
		Топта кітап бұрышын ұйымдастыру арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады, кітаптардағы суреттерді өз бетінше карауды, суреттер бойынша сұрақтар қоюды, суреттер бойынша бірге әңгімелер құрастыруды үйретеді	
		Балаларға жеке қарым-қатынас жасауға, пікір алмасуға, бірігіп ойнауға мүмкіндік береді	
Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, бейнелеу және шығармашылық әрекетті ұйымдастырады, балалар бейнелейтін заттарды			

		өз бетінше зерттеуге, өз қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақ, алақан, мақта, саз, ермексаз, қағаз және т. б.) таңдауға мүмкіндік береді	
2	Педагогтың балалармен, балалардың бір-бірімен тиімді бірге әрекет ету уақыты	Тәрбиелеу-білім беру процесінің уақытын тиімді бөледі	
		Әр түрлі іс-әрекеттер арасындағы балалардың күту уақытын барынша қысқартады (күні бойы 20-30 минуттан аспайды)	
		Балалармен мақсатты ойындар өткізеді	
		Балаларға аяқталмаған сюжеттік ойындарды аяқтауға мүмкіндік береді	
		Балалар әрекетіне қосыла алады және оларға бағыт береді (қажет болған жағдайда)	
3	Күтім жасау мен дамытуды кіріктіру, режимдік сәттердің мүмкіндіктерін пайдалану	Тәрбиеші жұбымен және басқа да педагогтермен тиімді жұмыс істейді	
		Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бірнеше түрлерін кіріктіретін мақсатты ойындар ұйымдастырады	
		Серуен уақытында ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрлерін кіріктіреді	
		Басқа да режимдік сәттерде кіріктіру әдістерін қолданады	
4	Педагогтің нәтижелі тәжірибесі	Ойын арқылы оқытады	
		Балалардың дамуындағы ілгерілеуді қадағалайды	
		Балалардың дербестігін дамытады	
		Балалар топтың ережелерін орындайды	
		Балалардың дербес әрекетін ұйымдастырады	
5	Отбасын тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту, отбасымен өзара ынтымақтастықта тиімді тәжірибені қолдану	Ата-аналар жиналысының жаңа түрлерін қолданады	
		Тренингтер	
		Семинарлар	
		«Игі істер күні»	
		Ашық есік күні	
		Отбасылық эстафеталар	
		Ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес	
		Ата-аналар конференциясы	
		Ата-аналармен қарым-қатынас жасайды, әңгімелеседі	
		Жеке және топта кеңес береді	
		Сұрақ және жауап кештерін ұйымдастырады	
		Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің, режимдік сәттердің бейнежазбаларын қарайды және талқылайды	
Ересек топ балаларының ата-аналарымен сұхбаттасады			

3. Нәтиженің сапасы

№	Сапаның параметрлері	Сапаның өлшемшарттары	Сапаны бағалау (1-10 балл аралығында белгіленеді)
1	Балалардың денсаулығын жақсарту, олардың құқықтарын қорғау	Жайлы жағдай жасайды	
		Қауіпсіздік	
		Ортаның қолжетімділігі	
		Қолайлы микроклимат	
		Балаларға мейірімді қарым-қатынас жасайды	
		Санитарлық нормалар сақталады	
		Құқық бұзушылықты тіркеуге арналған бейнекамералар бар, онда НҚА талаптарына сәйкес жазба сақталады	
2	Эмоционалдық, моральдық, психологиялық жайлылықты анықтау	Балалар МДҰ ға жақсы көңіл-күймен келеді, таңертең көтеріңкі көңіл-күймен қалады	
		Тәрбиешілер мейірімділікпен қарсы алады, амандасады, әңгімелеседі.	
		Тәрбиешілер басқа балаларды қабылдап жатқан кезде балалар еркін ойнай алады, өз бетінше әрекет түрін таңдай алады	
		Балалар бастама көтере алады, өз қажеттіліктері туралы ашық айта алады	
		Ересектер балалармен, балалар бір-бірімен тату қарым-қатынас жасайды	
		Дау-жанжал жағдайлары өте сирек кездеседі, педагогтер дау-жанжалдарды шеше алады	
3	Менталды дамыту	Педагогтер балалардың қабілеттерін анықтай алады	
		Педагогтер балалардың қабілеттерін дамыту үшін жұмыс істейді	
		Педагогтер балалардың айқын қабілеттерін дамыту үшін ата-аналарды тартады, ата-аналарға кеңес береді	
		Педагогтер ерте бейіндеу бойынша жұмыс жүргізеді	
4	Балалардың денсаулығын сақтау	Күн тәртібі	
		Гигиена	
		Дұрыс тамақтану	
		Жақсы әдеттер	
		Физикалық белсенділік	
		Дене шынықтыру	
5	Мектепте оқуға дайындау	физикалық дамыған	
		ізденімпаз	
		бастамашыл	
		табанды	
		бейімделуге қабілетті, көпшіл	
		өзіне сенімді	
		командада жұмыс істей біледі	
		эмоционалды жауапты	
өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы			

		алғашқы түсініктерге ие	
6	Ата-аналардың қанағаттануы	Сауалнама сұрақтары бойынша	Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

2-қосымша

Ата-аналарға арналған сауалнама үлгісі

1. Балаңыздың аты-жөні

2. Сіз балаға кім болып келесіз?

Анасы

Әкесі

Заңды өкілі _____

3. Жалпы, сіздің балаңызда келесі салалардың бірінде қиындықтар бар деп ойлайсыз ба: эмоцияға берілуі, жинақтылық, мінез-құлық немесе басқа адамдармен тіл табысуы?

ЖОҚ

ИӘ – аздаған қиындықтар

ИӘ – біршама қиындықтар

ИӘ – өте ауқымды қиындық

4. Төменде көрсетілгендердің ішінен балаңызға қатысты пікірді таңдаңыз:

Балам әрқашан балабақшаға барғанды ұнатады

Баламның кейде балабақшаға барғысы келмейді

Баламды балабақшаға апару қиындық келтіреді

Баламның үнемі балабақшаға барғысы келмейді

5. Менің балам мен тәрбиешінің қарым-қатынасы

өте жақсы	бейтарап	шеттетілген	суық
-----------	----------	-------------	------

6. Менің балама тәрбиешінің тарапынан көңіл бөлінеді

Әрқашан	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан
---------	-----	-------	-------	---------

7. Менің балама балабақшада болу

Көңілді	Қызықты	Жабырқайды	Ұнамайды
---------	---------	------------	----------

8. Менің балам балабақшада күннің қалай өткені туралы айтады

Үнемі және ықыласпен айтады	Жиі, егер сұрасаң айтады	Сирек, күн қызықты өткенде айтып береді	Ешқашан, балабақша туралы айтуды ұнатпайды
-----------------------------	--------------------------	---	--

9. Тәрбиешісі балам, оның қызығушылықтары туралы көп ақпарат бере алады

Ешқашан	Сирек	Кейде	Жиі	Үнемі
---------	-------	-------	-----	-------

10. Балаңыздың балабақшада өзін жайлы сезінуіне сәйкес келетін барлық жауаптарды белгілеңіз

Менің балам өзін қауіпсіз және сенімді сезінеді

Менің балам балабақшаға барғанды ұнатады

Менің балам осы балабақшаға барғалы көп ашуланатын болды

Менің балам тәрбиешісін жақсы көреді

Менің балам өзін балабақшада жалғыз және оқшау сезінеді

11. Балам көбінесе мыналар туралы айтады:

Бүгін не үйренгені

Бүгін қандай ойын ойнағаны

Серуенде немен айналысқаны

Қандай кітаптар оқып бергені

Өз нұсқаңыз _____

12. Мен қалаймын (сәйкес келетін барлық жауаптарды белгілеңіз):

Менің балама көбірек көңіл бөлінсе

Менің баламның балабақшада көбірек ойнауы керек

Менің баламның балабақшада көбірек серуендеуі керек

Менің балама көбірек көмек қажет

Менің баламмен көбірек қарым-қатынас жасау қажет

Менің балам үшін бәрі жеткілікті

Өз нұсқаңыз _____

13. Балаңыздың балабақшадағы қандай күнделікті әрекеті туралы бөліскенді қалайсыз?

Методическое руководство рекомендовано научно-методическим советом «Института раннего развития детей» МП РК в соответствии с протокольным решением от 23 ноября 2022 года №11.

Методическое руководство по использованию инструментариев (критерий) оценки качества дошкольного воспитания и обучения – Астана, 2022 - 39 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С.Н., д.п.н., профессор;

Ибрагимова Г.К., доктор PhD;

Мукушева Г.О., сертифицированный эксперт (ECERS-3)

В рамках исследования, начатого в 2021 году, сертифицированными экспертами был проведен обзор текущей ситуации с использованием шкалы ECERS-3 в качестве инструмента для наблюдений. Были подготовлены необходимые рекомендации для организации предметно-пространственной развивающей среды в дошкольных организациях, предложены идеи для обеспечения доступности среды и его соответствия интересам и потребностям детей, эти условия являются основаниями для качественного взаимодействия педагога и ребенка. На их основе разработаны критерии оценки качества дошкольного воспитания и обучения.

Данное методическое пособие предлагается в качестве руководства заведующим, методистам, педагогам дошкольных организаций, специалистам системы дошкольного образования, использующие инструменты оценки качества дошкольного воспитания и обучения.

«Институт раннего развития детей», 2022 г.

СОДЕРЖАНИЕ

Введение.....	22
1 Пояснения к критериям измерения качества дошкольного воспитания и обучения	23
2 Методические рекомендации по использованию инструментариев (критериев) оценки качества дошкольного воспитания и обучения ..	26
3 Заключение.....	31
Список литературы	32
Приложения	33

ВВЕДЕНИЕ

Государственная политика в системе дошкольного воспитания и обучения направлена на обеспечение доступности и создание равных стартовых возможностей для получения качественного образования детей дошкольного возраста [1]. Согласно рекомендациям экспертов ОЭСР, Казахстану необходимо уделять особое внимание детям раннего возраста и активно продвигать дошкольное образование для детей до 3 лет. Эта тенденция также подтверждается другими международными исследованиями, такими как TIMSS и PIRLS [2].

Современное дошкольное образование формируется в связи с созданием условий для развития детей через организацию насыщенной предметно-пространственной развивающей среды, использование целенаправленной игры для обучения детей и взаимодействие с детьми. Развивающая программа для детей должна соответствовать их возрасту и не иметь академической направленности [3].

В данном направлении, в рамках целевого программного финансирования реализуется научный проект «Научные основы модернизации системы образования и науки в 2021-2023 годах» совместно с Национальной академией образования имени И. Алтынсарина, который предусматривает изучение качества дошкольного воспитания и обучения в дошкольных организациях страны и разработку его критериев.

Промежуточным итогом результатов исследования определены следующие приоритеты развития дошкольного воспитания и обучения в Казахстане:

- качественная трансформация, для этого необходимо идентифицировать цели и задачи с МСКО-201;
